MAŃǴYSTAÝ OBLYSYNYŃ
MEMLEKETTIK SATYP ALÝ
BASQARMASY

УПРАВЛЕНИЕ
ГОСУДАРСТВЕННЫХ ЗАКУПОК
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

BUIRYQ **ПРИКАЗ**

25.06.2019 № 249

Aqtaý qalasy

Конкурстық комиссия
хатшысын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасының «Мемлекттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес, ашық конкурс тәсілімен жарияланған мемлекеттік сатып алудың конкурстық комиссия хатшысын өзгерту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Тауарлар мен қызметтерді сатып алу бөлімінің бас маманы Р.Татимановтың жыл сайынғы еңбек демалысына кетуіне байланысты төменде көрсетілген конкурстарға конкурстық комиссия хатшысы болып Тауарлар мен қызметтерді сатып алу бөлімінің бас маманы Е.Джумагамбетов айқындалсын:

- «Ақтау қаласының 34 ықшам ауданында «ҚР ҮЖ 900 ЖОМ (IVA,IVГ)-2.2-2012 геологиялық жағдайлары қалыпты IVA және IVГ климаттық кіші аудандары үшін 900 оқушыға арналған жалпы білім беретін орта мектеп» типтік жобасын байластыру» құрылыс нысанына техникалық қадағалау сатып алу;
- "Ақтау қаласындағы «Жылы жағажай» мекенін сумен жабдықтау құрылысы" нысанына техникалық қадағалау қызметін сатып алу;
- «Ақтау қаласының КТҚ-1-ден КТҚ-2-ге дейінгі арынды канализациялық коллекторын салу» нысанына техникалық қадағалау қызметін сатып алу;
- «Маңғыстау селосының кәріз желілері құрылысы» нысанына техникалық қадағалау қызметін сатып алу;
- «Каспий энергетикалық ХАБы» сыртқы инфрақұрылым құрылысы шеңберінде кернеуі 110 кВ электр тарату желісін және 110/10 кВ ҚС 2 қосалқы станциясын салу» нысанына техникалық қадағалау қызметін сатып алу;

2. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басқарма басшысының м.а. **М.Қайдаулов**

000824